

9-сынып

# ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Оқулық

**Құқық негіздері:** жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған оқулық. – 152 б.

# Кіріспе

## Қымбатты оқушы!

«Құқық негіздері» пәнінің 9-сыныпқа арналған оқулығын оқуға қош келдің! Бұл пән – сенің құқықтық мәдениетің мен азаматтық жауапкершілігіңді қалыптастыруда маңызды рөл атқаратын негізгі оқу курстарының бірі. Қоғамдағы әрбір адамның өмірі құқықпен тығыз байланысты, сондықтан сен құқық нормаларының мазмұнын, олардың қалай жұмыс істейтінін және өз құқықтарың мен міндеттеріңді қалай қорғау керектігін үйренесің.

Оқулықтың мазмұны мемлекет пен құқық теориясы, адам құқықтары, Конституция негіздері, құқық салалары (азаматтық, еңбек, әкімшілік және қылмыстық құқық) тақырыптарын қамтиды. Бұл пән сенің күнделікті өмірде кездесетін түрлі құқықтық жағдайларды түсініп, дұрыс шешім қабылдай алу қабілетіңді шыңдай түсуді мақсат етеді.

«Құқық негіздері» оқулығы құқықтық білімді жүйелі түрде меңгеруге арналған және ол **7 бөлімнен** тұрады. Әр бөлім қоғам өмірінде маңызды орын алатын құқық салаларын қамтиды.

Оқу жылы 4 тоқсанға бөлінген. Осыған байланысты оқулықтағы 7 бөлім әр тоқсанда қайталанып оқытылады, сондықтан тараулар 1-тоқсан, 2-тоқсан, 3-тоқсан, 4-тоқсан деп аталады.

Әр тоқсанда сен мына құқық салаларын оқисың:

1. Құқық және мемлекет
2. Конституциялық құқық
3. Азаматтық құқық
4. Еңбек құқығы
5. Отбасы құқығы
6. Әкімшілік құқық
7. Қылмыстық құқық

Тоқсан сайын тақырыптар **бірізділікпен және тереңдетіліп** беріледі: бұрын меңгерген білім кеңейтіліп, нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырылады. Бұл сенің құқықтық ойлау қабілетіңді дамытуға, заңды дұрыс қолдана білуге және өз құқығың мен міндеттеріңді саналы түсінуге көмектеседі.

Әрбір тараудың **кіріспесі** әр тақырып бойынша жүргізілетін зерттеулердің ерекшеліктері мен түйінді мәселелерін қамтиды. **Қорытынды** бөлімдегі ақпараттар оқу жылында меңгерген құқықтық білімді жүйелеп, оны өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.

## Оқулықтың ерекшелігі

1. Құқық пен өмір арасындағы байланысты түсіну.

Оқулықтағы барлық тақырыптар шынайы өмірмен тығыз байланысты. Құқық бұзу жағдайларын талдап, әділ шешім қабылдауға үйренесің.

2. Белсенді және зерттеушілік оқыту.

Тапсырмалардың басым бөлігі «Ойлан», «Талда», «Зертте» ұстанымдарына негізделген. Олар сенің сыни тұрғыдан ойлау қабілетіңді дамытады.

3. Құндылықтарға негізделген оқыту.

Пән мазмұнында әділдік пен адалдық, заңға және мемлекетке құрмет, жеке жауапкершілік пен еркіндік, азаматтық белсенділік, ынтымақтастық пен сыйластық секілді құндылықтарға басымдылық беріледі.

4. Оқыту әдістерінің көптүрлілігі.

Оқулықта рөлдік ойындар, пікірталастар, жағдаяттарға негізделген тапсырмалар, кестелер мен диаграммалар, кейс-талдаулар ұсынылған.

Пәнді сәтті меңгеруің үшін саған қолыңдағы оқулық көмектеседі. Оқулықта зерттеу жүргізуге септігін тигізетін келесі **айдарлар** ұсынылған:

**«Біліп жүр»** айдары негізгі құқықтық ұғымдар мен заң нормалары туралы нақты мәлімет беріп, құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған

**«Құқық бұрышы»** айдары құқық бұзылған жағдайда қайда жүгіну керектігі мен көмек көрсететін ұйымдар туралы ақпарат береді

**«Бұл қызықты»** айдары құқық тарихы мен қазіргі өмірге қатысты ерекше деректер мен өмірлік мысалдар арқылы пәнге қызығушылықты арттырады

**«Ойлан»** айдары проблемалық сұрақтар мен жағдаяттар арқылы құқықтық ойлау мен өз пікірін дәлелдеу дағдысын дамытады

**«Есте сақта!»** айдары ең маңызды құқықтық ережелер мен ұғымдарды жинақтап, есте сақтауға көмектеседі

**«Сен білесің бе?»** айдары құқықтың дамуы, адам құқықтары мен қоғамдағы заңның рөлі туралы қызықты деректер арқылы оқушының құқықтық дүниетанымын кеңейтеді

Тақырып бойынша танымдық ақпарат мәтіндер арқылы баяндалған. Әрбір мәтінге тиісті тапсырмалар және тақырыпқа қатысты тірек сөздер берілген. Тірек сөздер – тақырыптың мазмұнын ашатын негізгі ұғымдар.

Әр сабақтың оқу мақсатына сәйкес **«зерттеу сұрағы»** анықталған. Зерттеу сұрағы белгілі бір ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқулықтағы тапсырмаларға «Ойланып көрейік», «Анықта», «Түсіндір», «Салыстыр», «Талда», «Дәлелде», «Бағала», «Қорытындылайық» жатады. Әр сабақтағы кейс тапсырмалары таразы шартты белгісімен көрсетілген.

«Құқық негіздері» пәні – сенің азаматтық санаңды, жауапкершілігіңді және қоғам алдындағы орныңды түсінуге бағытталған маңызды курс. Бұл пән арқылы сен әділдік пен адамгершілік қағидаттарын меңгересің.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – заңды құрметтейтін, өз құқықтары мен міндеттерін білетін саналы азаматтар. Сол азаматтардың бірі – сенсің!

Біз саған сенеміз! Іске сәт!

*Құрметпен, авторлар ұжымы*

# I тоқсан. Кіріспе

## Сен бұл тоқсанда:

- әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымын және қоғамдағы рөлін түсіндіресің;

- Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтайсың;

- конституциялық құрылым негіздерін түсіндіресің;

- азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын түсіндіресің;

- еңбек құқығы, неке және отбасы ұғымдарын білесің;

- әкімшілік құқық және қылмыстық құқық ұғымын түсіндіресің.

## 1-ші тоқсандағы зерттеуің:

Құқықтық нормалар адамның өмірін қалай реттейді және оның қоғамдағы жауапкершілігін қалай қамтамасыз етеді?

## Бұл қызықты

BBC жүргізген сауалнама Ұлыбританиядағы отбасылық қарым-қатынастар бойынша келесідей қызықты мәліметтер көрсетті:

- 20–24 жас аралығындағы ер адамдардың **58%**-ы, әйелдердің **39%**-ы әлі күнге дейін ата-аналарымен бірге тұрады. Ата-аналардың 55,1%-ы жасы 18-30 аралығындағы бірге тұратын ересек балаларынан пәтерақы немесе тұрғын үй үлесін алады. Орташа сомасы аптасына £25,55 құрайды.

Толығырақ ақпаратты мына сілтеме арқылы көре аласың: <https://clk.ru/3RMu43>



## 1.1-сабақ

# Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?

### Тірек сөздер:

- әлеуметтік нормалар
- құқық
- қоғамдық қатынас
- мемлекет

### Зерттеу сұрағы:

Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?

### Ойланып көрейік

Сенің күнделікті өміріңде қандай ережелер бар?

1. Отбасында – ... 2. Мектепте – ... 3. Көшеде – ...

Осы ережелердің барлығы не үшін қажет? Егер бұл ережелерді ешкім сақтамаса, не болар еді?

### Түсіндір

Бұрынғы құқықтық нормаларда салт-дәстүрдің неліктен маңызды рөл атқарғанын түсіндір.

## Адамзат құқығы тарихы және қазақ құқығының қалыптасуы

Құқық адамзат тарихында ежелгі дәуірлерден бастап қалыптаса бастады. Алғашқы заңдардың бірі – б.з.д. XVIII ғасырда қабылданған Хаммурапи заңдары. Кейін ежелгі Рим құқығы көптеген мемлекеттердің заң жүйесіне негіз болды.

Қазақ қоғамында да құқықтық нормалар ерте кезден бар. Қазақ хандығы дәуірінде Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» секілді заңдар қоғамдағы тәртіпті, жер дауын, жесір дауын, қылмыс пен жазаны реттеді. Бұл заңдар салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа негізделіп, әділдік пен ынтымақты сақтауға бағытталды.

### Жікте

Төмендегі нормаларды құқықтық немесе әлеуметтік нормалардың басқа түрлеріне жікте.

- Үлкенді сыйлау.
- Көшеде қоқыс тастамау.
- Салық төлеу.
- Жол ережесін сақтау.
- Мешітке бару.

### Біліп жүр

Адамдар ежелден қоғамда өмір сүріп, өзара қатынасы белгілі тәртіпке бағынған. Ереже болмаса, түсініспеушілік пен қақтығыс туар еді. Осындай тәртіп ережелері әлеуметтік нормалар деп аталады, оларға мораль, дәстүр, әдет-ғұрып, дін және құқықтық нормалар жатады



### КЕЙС: «Құқық баршаға ортақ ереже ме?»

Мектеп әкімшілігі оқушылардың қауіпсіздігін арттыру үшін мектеп аумағына бейнебақылау камераларын орнатуды ұсынды. Кейбір оқушылар бұл шешімді қолдайды, ал басқалары оны жеке өмірге қол сұғу деп есептейді.

Сендер бұл мәселені құқық тұрғысынан қалай шешер едіңдер? Қандай ережелер мен шектеулерді сақтау қажет деп ойлайсыңдар? Бұл жерде қандай жасанды интеллект құралдарын қолдануға болады?

### Талда

Мәтінді оқып, құқықтың қажеттілігін дәйектер арқылы талда.

### Құқық және оның қоғамдағы рөлі

Адамдар өмір сүретін қоғамда әрқашан түрлі ережелер мен нормалар қалыптасады. Бұл нормалар адамдардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауына, тәртіп орнатуына, әділдікті сақтауға көмектеседі. Осындай әлеуметтік нормалардың ішіндегі ең маңыздысы – құқық.

Құқық – мемлекет бекіткен, қоғамдағы адамдардың іс-әрекетін реттейтін және орындалуы міндетті ережелер жиынтығы. Құқық қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, әділеттілікті сақтауға көмектеседі. Мысалы, жолда жүру ережесі – бәрімізге ортақ заңды талап. Егер адам сол ережені бұзса, ол тек өзінің емес, өзгелердің де қауіпсіздігіне зиян тигізеді. Демек, құқық – қоғамдағы тәртіп пен әділеттілікті қамтамасыз ететін құрал.

#### Құқық:

- адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды;
- қоғамдық қатынастарды реттейді;
- әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз етеді;
- мемлекет пен азамат арасындағы байланысты нығайтады;
- дау-дамайды шешудің заңды жолын көрсетеді.

### Сен білесің бе?

Қазақ қоғамында құқық нормаларының басым бөлігі салт-дәстүрге негізделген. Мысалы, дауларды билер шешкен, ал олардың шешімі қоғам тарапынан орындалуы міндетті заң күші ретінде қабылданған.



▲ 1-сурет. Элеонора Рузвельт

### Бұл қызықты

Элеонора Рузвельт (1884–1962) – адам құқықтарын қорғау саласында әлемге танылған қоғам қайраткері. Ол АҚШ-тың 32-президенті Франклин Делано Рузвельттің жұбайы болды. Э. Рузвельт барлық адамдардың құқықтары тең деп санады. 1948 жылы ол Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей декларациясын дайындауға жетекшілік етті.

## Біліп жүр

Францияда баланың мектепке баруы – ата-ананың ең басты міндеттерінің бірі. Егер оқушы себепсіз сабақтан жиі қалса және ата-анасы баласының сабақтан қалғанын дәлелдей алмаса, мемлекет отбасыға берілетін жәрдемақыны тоқтатуы мүмкін. Бұл – ата-аналарды баласының оқуына жауапкершілікпен қарауға ынталандыратын заңды шара.



Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 127-бабына сәйкес, ата-аналар немесе заңды өкілдер баланың мектепке бармауын, үлгерімі мен тәртібіне бақылау жасамауын қадағаламаған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

## Негізде

Құқықтың қай функциясы қоғам үшін ең маңызды деп ойлайсың? Өз пікіріңді негізде.

## Құқықтың функциялары

Қоғамда адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, белгілі тәртіпке бағынуы қажет. Адамдардың әрекеттерін реттеп, олардың құқықтарын қорғаудың ең негізгі құралы – құқық. Құқық қоғамда тәртіп орнатып, әділеттілікті сақтауға, адамдар арасындағы қатынасты үйлесімді етуге мүмкіндік береді.

### Құқықтың негізгі функциялары:

- Реттеушілік – адамдар арасындағы қатынасты тәртіпке келтіреді.
- Қорғаушылық – құқықтар мен бостандықтарды қорғайды.
- Тәрбиелік – заңға құрмет сезімін қалыптастырады.
- Бақылаушылық – заңдардың орындалуын қадағалайды.



### КЕЙС: «Жолда жүру ережесін бұзу»

Ә. есімді азамат велосипедпен мектепке бара жатып, бағдаршамның қызыл түсіне тоқтамай өтіп кетті. Бұл әрекеті өз өміріне ғана емес, жолдағы басқа адамдардың қауіпсіздігіне де қатер төндірді. Полиция қызметкері оған ескерту жасады.

Бұл жағдайдан құқықтың қай функциясы айқын көрініп тұр? Құқық белгілерінің ішінде «жалпыға бірдей міндеттілік» пен «мемлекеттің қамтамасыз етуі» осы мысалда қалай іске асып тұр?

## Бағала

Құқық белгілерінің барлығы өзара байланысты және бірін-бірі толықтырады. Берілген құқық белгілерінің әрқайсысының маңыздылығын түсіндір. Бір құқық белгісі болмаса, қоғам өмірінде қандай қиындықтар туындауы мүмкін екенін мысалмен көрсет.



Құқық белгілерінің біртұтас жүйе ретінде қоғамдағы тәртіпті қалай қамтамасыз ететінін бағала.

## Құқықтың қазіргі мәні мен белгілері

Құқық қоғамды жөнге салып, тұрақтылыққа қол жеткізуге, адам мен азаматтың бостандығы мен құқығын жүзеге асыруға, демократиялық принциптерді орнықтыруға мүмкіндік береді. Құқықтың мәнін түсіну арқылы оның адамзат үшін қаншалықты құнды екеніне көз жеткіземіз. Құқық бізге ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеп, күнделікті өмірде жол көрсетуші рөл атқарады.

### Құқық белгілері:

1. Нормативтілік – құқық нормалардан тұрады, яғни нақты ережелер жүйесі.
2. Жүйелілік – құқық біртұтас жүйе ретінде өз ішінде логикалық байланыста болады.
3. Жалпыға бірдей міндеттілік – құқықтық нормалар барлық тұлғаларға бірдей қолданылады.
4. Мемлекеттің қамтамасыз етуі – құқық нормаларының орындалуы мемлекеттік органдар арқылы қамтамасыз етіледі.
5. Реттеушілік (регулятивтік сипаты) – құқық қоғамдық қатынастарды реттейді.
6. Динамизм – құқық қоғам өмірінің өзгерістеріне сәйкес жаңарып отырады.
7. Формальды нақтылық – құқықтық нормалар нақты жазылған және түсінікті болуы қажет.

### Қорытындылайық

Құқық адамдардың күнделікті өмірін реттеп, қоғамда тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Күнделікті өмірде әрбір адам құқықты сақтай отырып, өзіне де, өзгелерге де қауіпсіз орта жасайды. Құқықтың күнделікті өмірде қоғамдық қатынастарды реттейтін екі жағдайды ата. Бұл жағдайлар адамдардың мінез-құлқына қалай әсер ететінін түсіндір.

### Сен білесің бе?

Бұрын қазақ қоғамында әйелдердің негізгі рөлі – үй шаруашылығын жүргізу, бала тәрбиелеу болатын. ХІХ ғасырда әйелдердің қоғамдық салада жұмыс істеуі сирек кездесетін. Ал бүгінде әйелдердің көлік жүргізуі, құрылысқа қатысуы, мемлекеттік қызметте жұмыс істеуі – қалыпты құбылыс. Бұл өзгерістер құқықтар мен қоғам құндылықтарының уақытпен бірге жаңарып отырғанын көрсетеді.



▲ 2-сурет. Құқық динамизмінің көрінісі

## 1.2-сабақ

# Қазақстан Республикасында адам және азаматтың қандай құқықтары мен міндеттері бар?

### Тірек сөздер:

- Конституция
- адам құқықтары
- заң үстемдігі

### Зерттеу сұрағы:

Конституция демократиялық қоғамдағы адам мен азаматтың құқықтарын қалай қорғайды?

### Біліп жүр

Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы – бұл әлемде ең жиі аударылатын құжат. Оның мәтіні 400-ге жуық тілде қол жетімді.



▲ 1-сурет. Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясы

### Ойланып көрейік

2023 жылы әлемдегі 272 млн бала мен жасөспірім мектеп табалдырығын аттамаған немесе оны тастап кетуге мәжбүр болды. Балалардың қандай құқықтары шектелді? Оның қандай себептері бар? (дереккөзге сілтеме: <https://www.unicef.org/lac/en/press-releases/global-funding-cuts-could-force-6-million-more-children-out-school>)

### Түсіндір

Қазақстан Республикасының Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде бекітілген. Бірақ кейбір құқықтар тек ел азаматтарына ғана беріледі. Конституцияда құқықтардың неліктен бұлайша ажыратылатынын түсіндір.

## Конституция – адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілі

Конституция елдің ең жоғарғы құқықтық нормаларды бекітетін құжат болып табылады. Ол адамдар мен азаматтарды мемлекеттік органдардың билікті асыра пайдалануынан қорғайды, әр адам мен азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттер жүйесін бекітеді. Бұл құқықтық нормалар абстрактілі емес: олар білім беру саласын, еңбек ету, денсаулық сақтау, соттар, сайлау жүйесін және күнделікті өмірді қамтиды.

Негізгі құқықтар барлық адамдарға, ал кейбір құқықтар (сайлау құқығы) тек ел азаматтарына ғана тиесілі. Конституция адамның құқықтары мен бостандықтары ажырамас екенін және Қазақстанның әрбір тұрғынына тиісті екендігін мойындай отырып, заңмен қорғайды. Сондай-ақ, егер Конституцияда немесе заңдарда өзгеше

көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар да құқықтарды пайдаланып, егер заңда өзгеше көрсетілмесе, азаматтармен тең дәрежеде міндеттер атқарады (12-бап). Шегарамыздан заңды өтіп, елімізде білім алып, жұмыс істеп немесе саяхаттап жүрген әрбір тұлғаның құқығын сақтау – жаһандық қатынастардағы мемлекетіміздің өркениеттілік өлшемі мен демократиялық дамуының маңызды көрсеткіші. Заң мен сот алдындағы теңдік, шығу тегі, мүліктік мәртебесі, кәсібі, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діні, сенімі немесе тұрғылықты жері сияқты белгілер бойынша кемсітуге болмайды (14-бап).

Азаматтардың негізгі құқықтарының ішінде өмір сүру, жеке қауіпсіздік пен абырой-қадірді қорғау құқықтары ең маңыздылардың бірі саналады. Қазақстан Республикасының Конституциясы осы құқықтарға толық кепілдік береді. Бұл кепілдік демократиялық қоғамның негізін құрайды.



### КЕЙС: «Оқушы абыройы»

9-сыныпта оқитын Ә.-ні бірнеше сыныптастары әлеуметтік желіде мазақтап, қорлайтын пікірлер жаза бастады. Ол өзін жайсыз сезініп, сабаққа барудан қашқақтайды. Ә.-нің ата-анасы мен мұғалімі оның құқықтары бұзылып жатқанын байқап, не істеу керегін ойластыруда.

Бұл жағдайда Ә.-нің қандай құқықтары бұзылды деп ойлайсың? Мектеп әкімшілігі мен ата-аналар қандай әрекет жасауы тиіс?

## Жеке бас бостандығы және әділ сот процесі

Жеке бас бостандығы мен қауіпсіздігі, оны қорғаудағы сот кепілдіктері адамды қамауға алу мен сот ісін жүргізу кезінде тиісті құқықтық рәсімнің сақталуын қамтамасыз етеді. Бұл заңның үстемдігі үшін қажет.

## Сен білесің бе?

Соңғы жылдары әлемде 2 мен 17 жас аралығындағы 1 млрд-қа жуық бала түрлі зорлық-зомбылық пен кемсітуге ұшыраған.



▲ 2-сурет. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған бала

## Бұл қызықты

Адам құқықтары күні жыл сайын бүкіл әлемде 10 желтоқсанда атап өтіледі. Бұл әлемдегі ең маңызды құжат – Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы қабылданған күнге сәйкес келеді. Бұл құжатта әр адамға тән ажырамас құқықтар жарияланды.

## Ойлан

Билік жалған ақпарат пен зорлық-зомбылық көріністерімен күресу үшін интернеттегі сөз бостандығын шектеуі қажет пе? Тарихтағы немесе қазіргі таңдағы мысалдарға сүйеніп, өз ұстанымыңды негізде және оның ақпарат пен теңдік құқығы сияқты басқа да адам құқықтарына қалай әсер ететінін талқыла.

## Бұл қызықты

Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы адам құқықтарын қорғау саласында мүмкіндіктер мен қатар қиындықтарды да туғызады. ЖИ білімге, денсаулық сақтау және әділ сот төрелігіне қол жеткізуді жақсартып алады. Сонымен қатар жеке өмірге араласып, сөз бостандығына нұқсан келу, жұмыстан айырылу сияқты тәуекелдерді тудырады. ЖИ-дің этикалық стандарттарды басшылыққа алуы және адамның қадір-қасиетін құрметтеуді қамтамасыз етуі әділ әрі тең құқықты қоғам үшін өте маңызды.

Білім алу құқығы: базалық орта білімге кепілдік беріледі; мемлекет стандарттарды белгілеп, білім беру жүйесін дамытуды жүзеге асырады.

Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғау құқығы: Конституцияда заңға сәйкес әлеуметтік қамсыздандыру және кепілдендірілген медициналық көмек қарастырылған. Еңбек құқығы саласындағы әділ шарттар мәжбүрлі еңбектен қорғайды және кәсіподақ бостандықтарын қамтамасыз етеді.

Саяси құқықтар мен саяси белсенділік: сөз, жиыналыс және қауымдастық бостандығы адамдарға өз көзқарастарын білдіруге, саяси мақсатта ұйымдасуға мүмкіндік береді; заң талаптарына сай сайлау және сайлану құқығы жүзеге асады. Саяси құқықтар азаматтарға саясатқа ықпал етуге және адал емес көшбасшыларды жауапқа тартуға көмектеседі.

## Талда

Мәтінді оқып, құқықтың негізі қағидасы – міндеттерді орындауға мысалдар келтіріп, оларды талда.

## Адам мен азаматтың міндеттері

Құқықтар мен бостандықтар жауапкершілікпен байланысты.

**Заңдарды сақтау.** Әрбір адам заңды орындап, өзгелердің құқығын сыйлаған кезде ғана қоғамда әділеттілік пен тәртіп орнайды.

**Салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу.** Салық кодексі бұл міндетті белгілейді. Салық – әр азаматтың мемлекетке төлейтін міндетті төлемі. Мемлекет ортақ қаржыны мектеп, аурухана, кітапхана, мұражай, полиция қызметіне, жол, қоғамдық қызметтерге жұмсайды. Салық төлеу – осы игіліктердің дамуына үлес қосу.

**Отанды қорғау.** Бұл – заңда белгіленген міндет. Әр азаматтың басты борышы – өз елінің тәуелсіздігін, қауіпсіздігі мен тұтастығын қорғау. Бұл мемлекет пен халық алдындағы жауапкершілік болып есептеледі.

**Қоршаған ортаны қорғау.** Табиғатты қорғау – әрбір адамның ортақ міндеті. Қоршаған орта – бола шақ ұрпаққа қалатын мұра, оны сақтау әр азаматтың жауапкершілігі. Бұл міндеттер Конституциялық демократиялық азаматтық жауапкершілікке, сондай-ақ құқықтық кепілдіктерге тәуелді деген идеяны көрсетеді.



#### **КЕЙС: «Мәдени құқықтар мен мемлекеттік міндеттер арасындағы таңдау»**

Ауылда қаржыландырудың жетіспеуіне байланысты кітапхана мен мәдениет үйін жабу туралы шешім қабылданды. Тұрғындар, оның ішінде мектеп оқушылары да бұған қарсы. Ал жергілікті әкімдік қаржыны жолдарды жөндеу, спортзал салуға жұмсау ауыл үшін тиімді деп санайды.

Бұл жағдайда қандай әлеуметтік және мәдени құқықтар қарастырылып отыр? Бұл құқықтарды қамтамасыз етуде мемлекеттің қандай міндеттері бар? Тұрғындар бюджетті бөлу туралы шешім қабылдауға қатысуы керек пе? Шектеулі ресурстар жағдайында мәдени құндылықтарды қалай сақтауға болады?

### **Құқықтар мен қоғамдық мүдделер арасындағы тепе-теңдікті сақтау**


Конституция құқықтардың белгілі бір шектеулеріне жол береді, бірақ ол тек заң негізінде, заңды мақсаттарда (мысалы, қоғамдық тәртіпті сақтау, денсаулықты сақтау) және құқықтың мәніне нұқсан келтірмей жүзеге асуы тиіс. Бұл қағида төтенше шаралар немесе шектеулер (мысалы, пандемия) абсолютті емес, сонымен қатар оларды соттар мен конституциялық органдар қайта қарауы мүмкін екендігіне кепілдік береді.

#### **Қорытындылайық**

Демократиялық қоғамдағы Конституция адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басты кепілі ретінде оларды жоғары заң деңгейінде бекітеді.

#### **Есте сақта!**

Бір адамның құқықтары сақталуы үшін басқалар өз міндеттерін орындауы тиіс. Мысалы, өзгенің меншік құқығын бұзбауы немесе мүлкіне зиян келтірмеуі керек. Азаматтардың салық төлеуі немесе отан қорғау міндетін өтеуі мемлекеттің азаматтардың білім алу, медициналық, демалыс және басқа да әлеуметтік игіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



▲ 3-сурет. Әркімнің дауысы маңызды

## 1.3-сабақ

# Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды?

### Тірек сөздер:

- демократия
- зайырлылық
- әлеуметтік мемлекет
- құқықтық мемлекет

### Зерттеу сұрағы:

Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде айқындайды?

### Ойланып көрейік

Қазақстан өз Конституциясында өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп айқындайды. Бірақ бұл іс жүзінде нені білдіреді? Неліктен бұл принциптер азаматтар үшін, билік бөлінісі мен елдің болашағы үшін маңызды?

### Түсіндір

Мемлекеттегі демократия мен зайырлылық қоғамдағы әділдік пен құқықтық теңдікті нығайтуда қалай өзара әрекет жасайтынын түсіндір.

### Конституциялық құндылықтар

Қазақстан Республикасының Конституциясы елді демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде айқындайды. Бұл төрт қағида жай сөз емес; олар – мемлекеттің өзін-өзі ұйымдастыруы, азаматтармен қарым-қатынасы үшін жетекші құндылықтар. Олар мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі неге дәл осылай жұмыс істейтінін түсінуге көмектеседі.

### Демократиялық мемлекет

Демократиялық мемлекеттің легитимділігі мен негізгі қайнар көзі – халықтың ерік-жігері. Қазақстан Республикасында азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу құқығы сайлау жүйесі мен референдум институты арқылы жүзеге асырылады. Демократия принципі мемлекеттік егемендіктің субъектісі ретінде халықтың үстемдігін бекітеді. Парламент қоғамның саяси еркін айқындап, жалпыұлттық мүдделерді қорғайтын заңнамалық базаны қалыптастырады.

### Біліп жүр

Демократия (*грек.* Δημοκρατία, демос – халық және kratos – билік) – халық немесе оның көпшілігі саяси, мемлекеттік биліктің қайнар көзі, жүзеге асырушысы болып табылатын саяси режим.



## Зайырлы мемлекет

Зайырлылық дін мен мемлекеттің бір-бірінен бөлек екенін білдіреді. Қазақстан барлық діндерді құрметтейді, бірақ бірде-бір діннің саяси өмірде үстемдік етуіне жол берілмейді. Бұл қағида азаматтар үшін олардың сенімдеріне қарамастан тең мүмкіндіктер жасайды. Көптеген этникалық топтары мен діндері бар Қазақстан сияқты көпұлтты елде зайырлылық әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз етіп, кемсітушіліктің алдын алады.

### Құжатқа назар аудар

**1-бап.** Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

*Қазақстан Республикасының Конституциясы*



### КЕЙС: «Студенттер және заң жобасы»

Бір топ университет студенттері жастар туралы заңға ұсынылған түзетулерді талқылауды ұсынды. Университет басшылығы оқу орны «саясаттан тыс» болуы керек деген уәжбен одан бас тартты. Студенттердің пікірінше, ел өміріне қатысу – демократия көрінісі. Басшылық пен студенттер арасында келіспеушілік орын алды.

Демократиялық мемлекет жастардың еркін пікір білдіруіне жағдай жасауы керек пе? Студенттердің университетте саяси мәселелерді талқылауға құқығы бар ма? Неліктен пікір еркіндігі, сөз бостандығы демократия үшін маңызды? Жастар елдің демократиялық процестеріне қалай қатыса алады?

### Талда

Мәтінді оқып, құқықтық мемлекеттегі соттардың тәуелсіздігі қаншалықты маңызды екенін талда.



▲ 1-сурет. Әртүрлі жастағы және нәсілдегі ерлер мен әйелдердің түрлі портреттерінен жасалған адамның бет-бейнесі. Адамдардың үйлесімі, адамзат, әлеуметтік теңдік, адам құқықтары, бостандық, әртүрлілік, қабылдау тұжырымдамасы

### Сен білесің бе?

1917 жылғы «Алаш» партиясының бағдарламасында: «Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең хұқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағынан бостандық» деп жазылды. Алаш бағдарламасында мемлекеттік құрылымға қатысты қандай ұстаным қарастырылған?

## Есте сақта!

1911 жылы Әлихан Бөкейхановтың нұсқауымен Қазақ елінің алғашқы конституция жобасы жазылды. Оның мазмұнын заңгер Барлыбек Сыртановтың «Қазақ елінің уставы» еңбегінен көреміз:

### «II. Адам баласының хұқы туралы

10. Қазақ елінде адам баласының бәрі тең хұқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ.

11. Қазақ елінде адам балалары бостандықта, теңдікте һәм бақытты өмір сүруге хұқы бар.

12. Қазақ елінде ер адам мен әйел теңді.

13. Қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруға һәм партияларға кіруіне тыйым жоқ.

14. Нәсілдерді бір-біріне қарсы итеретін ұйымның, партияның, адам баласының істеріне тыйым салынады. Кінәлілер закон алдында жауапты».

## Құқықтық мемлекет

Құқықтық мемлекет – бұл заңның үстемдігі жоғары болып табылатын мемлекет. Бұл барлық мемлекеттік органдар, шенеуніктер мен азаматтар заңға бағынуы керек дегенді білдіреді. Конституция мен заңдар адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды, билікті асыра пайдалануды шектейді, заңды жауапкершілікті белгілейді. Мысалы, Қазақстандағы соттар сот төрелігіне кепілдік береді және әділ шешім қабылдап, азаматтарды құқықбұзушылықтан қорғайды.

### Құқықтық мемлекет белгілері:

- Конституция мен заңдардың үстемдігі: ешкім заңнан жоғары емес;
- заң алдындағы теңдік: барлық азаматтардың құқықтары мен міндеттері бірдей;
- құқықтар мен бостандықтардың кепілдігі: адам қадір-қасиеті мен әділдікті қорғайды;
- биліктің бөлінуі: заң шығарушы, атқарушы және сот тепе-теңдік жүйеде жұмыс істейді;
- заңды жауапкершілік: әркім, оның ішінде шенеуніктер де өз әрекеттері үшін жауап береді;
- тәуелсіз сот жүйесі: соттар әділетті әрекет етіп, азаматтардың құқықтарын қорғайды.

### Болжа

Әлеуметтік мемлекеттің қай аспектісі (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік төлемдер, зейнетақы) адам болашағына көбірек әсер ететінін болжап көр.

## Мемлекеттің төрт тұғыры

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру қағидалары Қазақстанда тұрақтылықты, әділетті дамуды қамтамасыз етеді. Бұл қағидалар елдің дәстүрлерін әлемдік демократиялық стандарттармен байланыстырып, әділ әрі заманауи қоғам қалыптастыру бағытын айқындайды. Олардың маңыздылығы – демократия азаматтарға шешім қабылдауға қатысу мүмкінді-



гін берсе, зайырлылық әркімнің сенім бостандығын қорғайды. Құқықтық мемлекет заң үстемдігін қамтамасыз етіп, барлық адамның құқығын бірдей қорғайды, ал әлеуметтік мемлекет халыққа білім, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қолдау көрсету арқылы әділдікті нығайтады. Осылайша бұл төрт тұғыр азаматтардың күнделікті өмірінде құқықтары мен мүмкіндіктерін жүзеге асыруға нақты ықпал етеді.

## Әлеуметтік мемлекет

Әлеуметтік мемлекет өз азаматтарын, әсіресе қолдауды қажет ететін азаматтарды қолдайды. Осы мақсатта елімізде білім беру, денсаулық сақтау, зейнетақымен қамтамасыз ету әрі өзге де әлеуметтік бағдарламаларға назар аударылады. Билік өмір сүру сапасын жақсартуға жауапты.

### Әлеуметтік мемлекет белгілері:

- халықтың осал топтарын қолдау: балалар, қарттар, мүгедектер, жұмыссыздарды қорғау;
- білім алу мүмкіндігі: сапалы мектепте білім алу үшін тегін әрі тең мүмкіндіктердің болуы;
- қолжетімді денсаулық сақтау жүйесі: тұрғындардың денсаулығын қорғау, кепілдендірілген тегін медициналық көмек алу бағдарламалары;
- әлеуметтік әділеттілік: ресурстар мен мүмкіндіктерді әділ бөлу;
- экономикалық көмек: мұқтаж жандарға зейнетақы, жәрдемақы мен жеңілдіктер тағайындау;
- лайықты өмір сүру жағдайлары: кедейлікті азайтуға, өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған мемлекеттік саясат.

XXI ғасырдағы әлеуметтік мемлекет енді әлеуметтік келісімнің, демократиялық тұрақтылықтың, инклюзивті дамудың негізі болып табылады.

## Қорытындылайық

«Өмірімдегі мемлекеттің төрт қағидасы» тақырыбында эссе жаз. Бұл қағидалар сенің құқықтарың мен мүмкіндіктеріңе қалай әсер ететінін баянда.

## Ойлан

Егер төрт қағиданың бірі (демократия, зайырлылық, заңдылық пен әлеуметтік қамқорлық) болмаса, қоғамда қандай қауіптер туындауы мүмкін?



▲ 2-сурет. Әлеуметтік әртүрлілік

## Біліп жүр

БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі Кеңесі 2002 жылы демократияның негізгі элементтерін жариялады. Олар:

- адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын құрметтеу;
- еркін әрі әділ сайлау өткізу;
- саяси партиялар мен ұйымдардың плюралистік жүйесі;
- биліктің бөлінуі;
- сот билігінің тәуелсіздігі;
- мемлекеттік басқарудағы ашықтық пен есептілік;
- еркін, тәуелсіз және плюралистік БАҚ.

## 1.4-сабақ

# Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?

### Тірек сөздер:

- азаматтық құқық
- құқық қабілеттілік
- әрекет қабілеттілік
- меншік

### Зерттеу сұрағы:

Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді?

### Біліп жүр

Азаматтар қоғамдағы күнделікті өмірде азаматтық құқық реттейтін түрлі азаматтық-құқықтық қатынастарды басынан өткізеді. Дүкенге барып тауар сатып алғанда, қоғамдық көлікті пайдаланғанда, тамақтану орталықтарына барып ас ішкенде, түрлі ақылы қызметтерді пайланған кезде азаматтық құқық нормалары жұмыс жасайды. Осылайша күнделікті өмірде болып жатқан осындай оқиғалар азаматтық құқық нормалары арқылы реттеліп отырады.

### Ойланып көрейік

Не көріп тұрсың? Осы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу қажет пе? Бұл қатынастарды қандай құқықтың саласы реттейді деп ойлайсың? Егер азаматтық құқық болмаса, адамдар арасындағы мүлтік және жеке қатынастар қалай реттелер еді? Азаматтық құқықтық жағдайларға байланысты адамдар арасында қандай даулар туындауы мүмкін?



### Түсіндір

Мәтінді оқып, мүлік және мүліктік қатынастардың ежелгі дүниеден қазіргі кезеңге дейін маңызды рөл атқарып келе жатқанын түсіндір.

## Адамзат тарихындағы мүлік және мүліктік қатынастар

Адамзат тарихында мүлік ұғымы алғашқы қауымдық құрылыстың өзінде қалыптаса бастады. Күнкөріске қажетті алғашқы қарапайым еңбек құралдарына «менікі», «біздікі» деген мәртебе берілді. Осыдан жеке меншік шықты. «Саналы

адамның» дамуымен мүлікке және мүліктік қатынастарға деген көзқарас кеңейіп, күрделене түсті. Өркениет қалыптасып, мемлекеттер пайда болғанда мүліктік қатынастар заңмен бекітілді. Ол Вавилонда, Ежелгі Грек және Рим құқығында қалыптасты.

Қазақ даласының көшпелі өркениеттерінде де өзіне тән мүліктік қатынастар қалыптасты. Ол Қазақ хандығы дәуіріндегі заңдарда ккрініс тапты. Қазақ қоғамында негізгі мүлік төрт түлік мал болған.

Меншікке деген қызығушылық адамзат дамуының негізгі мотивациясы болып табылады және ол қазіргі қоғамда одан әрі күрделене түсті.

### Сәйкестендір

Төмендегі құқықтық қатынастарды мүліктік немесе мүліктік емес қатынастарға сәйкестендіріп көрсет.


| Мүліктік қатынастар                                                                                                                          | Мүліктік емес қатынастар |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|
| Мүлікті иелену және пайдалану; туындыларға авторлық құқық; мамандық иесі болу; мүлікке билік ету; белгілі бір әрекетке рұқсат, лицензия алу. |                          |



### КЕЙС: «Мүлікті пайдалану оның тағдырын шешуге рұқсат бере ме?»

12 жасар Е. есімді баланың атасы оған велосипед сыйлады. Е.-ге коньки қажет болып, ол велосипедті 16 жастағы көршісіне сатып жібереді. Е.-нің әкесі оны естіп, сатып алушыға ақшасын қайтарып, велосипедті қайта алмақ болды. Алайда, велосипедті алған көршісі ақшаны қайта алудан және велосипедті қайтарудан бас тартады. Өзінің бұл әрекетін ол велосипедке лайықты бағасын бергенімен, велосипедтің әкесіне емес, Е.-ге тиесілі екендігімен және ол өз мүлкіне өзі билік ете алатындығымен түсіндірді.

Е. есімді баланың әкесі заңды талап қойды ма? Е.-нің көршісі заңды әрекет жасады ма? Келіспеушілік қандай заңды жолмен шешілуі тиіс?



▲ 1-сурет. Азаматтық кодекс. Мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастар ҚР Азаматтық кодексімен реттеледі

### Сен білесің бе?

Бұрын қазақ қоғамында жерге жеке меншік болмаған. Жер барлық уақытта қауымдық меншікте болған. Қазақстанды Ресей империясының қосып алуы кезінде жер «Патшалықтың меншігі» деп жарияланды. КСРО кезеңінде жер мемлекеттің меншігінде болды.

## Біліп жүр

Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан кейін нарықтық қатынастар жағдайында жерді жеке меншікке беру туралы мәселелер көтерілді. Алайда, бұл ұсыныстарға халық үзілді-кесілді қарсы болды. ҚР Конституциясының 6-бабында былай жазылған: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі».

## Есте сақта!

ҚР «Жер туралы заңының» 4-бабына сәйкес, жер заңдарының міндеттері жер учаскесіне меншік құқығы мен жер пайдалану құқығын, шарттары мен шектерін, жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін белгілеу болып табылады.



## Түсіндір

Азаматтық құқық субъектілеріне кімдер жатады?

## Азаматтық құқық субъектілері

Азаматтық құқық субъектілері бірнеше санаттан тұрады. Жеке тұлғалар, яғни ҚР азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар. Олардың арасындағы азаматтық құқықтық қатынастар теңдік негізінде жүзеге асады. Барлық жеке тұлғалар азаматтық құқықтық әрекетке қабілетті. Заңды тұлғаларға ұйымдар, кәсіпорындар, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар жатады. Үшінші азаматтық құқықтық субъектіге мемлекет жатады, яғни, мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары. Мемлекет азаматтық құқықта қоғамдық қатынастардың белсенді мүшесі және кепілі.

## Талда

Мәтінді оқып, азаматтардың құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігінің мәнін талда. Азаматтардың әрекет қабілеттілігіне шектеулер бар ма?

## Азаматтардың құқық және әрекет қабілеттігі

Азаматтардың құқық қабілеттілігі дегеніміз – азаматтық құқықтарға ие болу және азаматтық міндеттерді атқару қабілеті. Азаматтың құқық қабілеттілігі ол туған кезден басталып, қайтыс болған соң тоқтатылады.

Азаматтардың әрекет қабілеттілігі дегеніміз – азаматтық құқықтарға ие болу және оларды жүзеге асыру, өзі үшін міндеттерді туғызу және оларды орындау қабілеттілігі. Олар, негізінен, 18 жасқа келген кезден бастап толық пайда болады.

## Негізде

Азаматтық құқық қағидаттарының қайсысы азамат және қоғам үшін маңызды? Пікіріңді негізде.

## Азаматтық құқық қағидаттары

Азаматтық құқық қағидаттарына мыналар кіреді: азаматтық-құқықтық қатынас субъектілерінің теңдігі (азаматтық құқықты іске асыру мен қорғауда субъектілердің тең әрі тәуелсіз болуы) және меншікке қолсұқпаушылық. Бұл жерде меншік иесі өз мүлкін заңмен тыйым салынбаған жолмен пайдалана алады, оған ешкім қол сұқпайды.

Азаматтық-құқықтық келісімшарт бостандығы дегеніміз – азамат өз қалауынша, мәжбүрлеусіз келісімшарт жасай алады немесе жасамайды. Келісімшарт түрін және келісімшарт жасайтын тарапты таңдай алады. Тұтынушылар мен кәсіпкерлерді азаматтық-құқықтық қатынастардың негізгі субъектілері ретінде қорғау, демек, мемлекет тұтынушылардың және кәсіпкерлердің заң аясындағы мүдделерін қорғайды. Мемлекет азаматтық құқықтарды кез келген жағдайда қорғайды. Тіпті нақты жағдайда қорғау құралы қарастырылмаған болса да қорғайды дегенді білдіреді.



### КЕЙС: «Шарт талаптарын сақтау»

М. және Б. есімді көрші учаскелердің иелері үй тұрғызу барысында бір-біріне құрылыс материалдарын сатып алу және жеткізу үшін көмек көрсетуге келіседі. М. кірпіш, ал Б. ағаш сатып алуға және жеткізуге келіседі. Құны бойынша құрылыс материалдарын айырбастау тең болады. Алайда, кірпішті жеткізу құны ағашты жеткізу құнына қарағанда қымбатырақ болады. М. көршісінен айырмашылығын өтеуді талап етеді. Б. қалған құнды өтеуден бас тартады.

М.-ның талабы заңды ма? Б.-ның әрекеті заң жүзінде дұрыс па? Келіспеушілік қандай заңды жолмен шешіледі?

### Қорытындылайық

Азаматтық құқық дегеніміз не? Қоғамдық қатынастар дегеніміз не? Азаматтық құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?

## Бұл қызықты

Адамзат тарихында мүлікке деген қызығушылық байлыққа деген құмарлықты тудырды. Байлыққа иелік ету жоғары билікке талпындырды. Байлыққа және билікке қызыққан тұлғалар өз халқын, елін түрлі соғыстарға итермеледі. Ерте дәуірден қазіргі кезеңге дейінгі адамзат тарихы көптеген соғыстарды басынан кешті. Әлем тарихында болған барлық соғыстарда қаза тапқан адам саны миллиардтан асады екен.

## Сен білесің бе?

II Дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең көп адам және мүлік шығындарына әкелген тарихи оқиға болды. Бұл соғыс 70 млн-нан астам адам өмірін жалмады, 4 трлн доллар шығын әкелді.

## Ойлан

Егер адам өмірінде мүлік, меншік деген ұғымдар болмаса, адамзат тарихы қандай болар еді? Өз ойыңмен бөліс.



## 1.5-сабақ

# ҚР Конституциясының 24-бабы нені көздейді?

### Тірек сөздер:

- еңбек құқығы
- еңбек қатынастары
- еңбек бостандығы
- конституциялық кепілдіктер

### Зерттеу сұрағы:

Еңбек құқығы дегеніміз не және ол Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабында қалай көрініс тапқан?

### Сен білесің бе?

Асар – қазақ қоғамындағы еңбек қатынастарының ерекше түрі. Асар кезінде ауыл болып бірігіп, қажетті істі тегін атқарады (мысалы, үй салу, қора тұрғызу, шөп шабу т.б.).



### Ойланып көрейік

Еңбек ету құқығы адамның өмірінде қандай рөл атқарады? Әркімнің мамандық таңдау еркіндігі қоғамға қандай пайда әкеледі? Қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етпесе, не болуы мүмкін? Әділ еңбекақы төлеу жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы қатынасқа қалай әсер етеді?



### Жікте

Төмендегі жағдайларды еңбек құқығына сәйкес келетін немесе сәйкес келмейтін деп бөліп, жікте.

- Жыл сайынғы ақылы демалыс беру.
- Еңбекақыны (жалақыны) кешіктіру.
- Жұмыс орнында қауіпсіздік ережесін сақтау.
- Баланы еркінен тыс жұмысқа салу.

| Сәйкес келеді | Сәйкес келмейді |
|---------------|-----------------|
|               |                 |

### Анықта

Еңбек қатынастарының адамзат тарихындағы маңыздылығын және атқарған рөлін анықта.

## Еңбек қатынастары: алғашқы қоғамнан тәуелсіз Қазақстанға дейін

Еңбек, ең алдымен, адамзаттың табиғатқа әсер етуімен, қоғамға пайдасын тигізуімен, өзінің қажеттіліктерін қамтамасыз етумен байланысты қалыптасты. Ежелгі дәуірде адамдар өз еңбегімен, қолдағысын астыққа, материалдық дүниеге айырбастау арқылы күн көріп келді.

Қазақ халқы мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысқан. Кеңестік дәуірде еңбек барлығына міндетті болып, мемлекет тарапынан жалақы төленді. 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда нарықтық экономикаға негізделген еңбек қатынастары келісімшарт арқылы реттеледі. Жалақы орталықтандырылған жүйе арқылы төленді, 1992 жылғы нарықтық қатынастағы еңбекақы жұмыс берушілердің белгілеуімен жүзеге асырылды. 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валютаны айналымға шығарғаннан кейін, жалақы теңгемен төлене бастады.



### **КЕЙС: «Жас түлектің мамандық таңдаудағы қиындықтары»**

Мектеп бітіруші А. есімді түлек өзінің қызығушылығы бойынша атақты суретші болуды армандап жүр. Оның мақсаты бойынша жоғары оқу орнына осы мамандыққа барғысы келеді. Дегенмен, оның ата-анасы тарапынан қазіргі заманда суретші болу, жалақының аз екенімен түсіндіріліп, оның орнына дәрігерлік саланы таңдауды талап етеді. А. есімді түлек әлі күнге дейін ата-анасымен бір келісімге келе алмай жүр.

Кімнің таңдауы дұрыс? ҚР Конституциясының 24-бабында не айтылған? Ары қарай ата-ананың міндеті қандай болмақ?

### **Түсіндір**

Мәтінді оқып, еңбек құқығы құқықтық қатынастарының қажеттілігін түсіндір.

### **Еңбек құқығының түсінігі мен мәні**

Еңбек құқығы – құқықтың негізгі салаларының бірі. Ол жұмыс беруші мен қызметкер арасында туындайтын еңбек жағдайындағы өзара байланыстарды, сондай-ақ онымен қатысты басқа да мәселелерді реттейді. Бұл құқық саласы тараптардың еңбек процесінде қалыптасатын құқықтар мен міндеттерін айқындайды.

### **Біліп жүр**

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін еңбек қатынастарын реттеу қажет болды. Ең алдымен 1999 жылы 10 желтоқсанда Еңбек туралы Заңы күшіне енді. Алғаш рет 2007 жылы 15 мамырда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қабылданды. Жаңадан редакцияланған Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашада бекітілді. Бұл өзгерістер 2016 жылдың 1 қаңтарында күшіне енді.

### **Сен білесің бе?**

ҚР Ұлттық статистика бюросының 2025 жылдың II жартыжылдығындағы мәліметі бойынша, 9,7 млн адам жұмыс күшін құраса, жұмыссыз халық 448 мың адамды құраған. Жұмыс күші құрамына кірмейтіндер (оқушылар, студенттер, зейнеткерлер) 4,6 млн адамға жеткен.



## Бұл қызықты

### Жылу жинау

Қайғылы жағдайға, түрлі апаттарға душар болған отбасыларға халық мал, азық-түлік, киім-кешек жинап, басқа да заттар берген. Бұл еңбекпен тапқан дүниені бөлісу арқылы еңбек құндылығын дәріптеу болып табылады.



Еңбек құқығының негізгі белгілері:

Реттеу нысаны – жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек қатынастарын реттейді.

Әдісі – тараптардың теңдігі және өзара келісімі, сондай-ақ мемлекеттің кепілдіктері мен бақылауы арқылы қадағаланады.

Негізгі қайнар көзі – Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және қосалқы заңнамалар.

Мақсаты – қызметкердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, еңбек тәртібін орнату, өндірістік тиімділікті арттыру арқылы реттеу.



### КЕЙС: «Қыш зауытындағы еңбек құқықтық қатынастарының бұзылуы»

Ж. есімді азамат қыш зауытында жұмыс істейді. Бірақ оның жұмыс орны санитарлық талаптарға сәйкес келмейді. Жұмыс орны шаң, техникалық қауіпсіздік құралдарымен толық қамтамасыз етілмеген. Жұмысшылар көп жағдайда жарақат алып жатады. Жалақы уақытылы берілмейді. Ол еңбек құқығының тапталып жатқанын талай рет айтса да, талаптары орындалмайды.

Азаматтың қандай еңбек құқығы бұзылды? ҚР Конституциясының 24-бабына сәйкес азаматтың қандай еңбек құқықтары сақталмай отыр?

### Талда

Мәтінді оқып, еңбек құқықтық қатынастарының ерекшеліктерін және маңызын талда.

### Еңбек құқықтық қатынастарының ерекшеліктері және оның мемлекеттік деңгейдегі реттелуі

Еңбек құқықтық қатынастары қызметкер мен жұмыс берушінің арасында еңбек қызметін атқару барысында туындайтын құқықтар мен міндеттердің негізгі жиынтығы болып табылады. Мысалы, қызметкерді жұмыс беруші жұмысқа алады.

### Ойлан

Еңбек ету құқығы әрбір азаматтың өміріне қалай әсер етеді деп ойлайсың? Өз ойыңмен бөліс.

Жұмыс беруші қызметкерге өз талаптарын еңбек шарты арқылы қояды. Қызметкер өзінің еңбек күшін, білімін, біліктілігін белгілі бір жұмыс саласына жұмсай алады. Жұмыс беруші жұмысты орындауға жағдай жасап, еңбекақы төлеуге міндеттенеді. Еңбек заңнамасы арқылы тараптардың құқығын қорғап, еңбек тәртібін енгізуге көмектеседі. Сондай-ақ, еңбек құқықтық қатынастары субъектілерінің бірі қызметкер болса, екінші жағынан жұмыс беруші мекеме болып табылады. Еңбек құқықтық қатынастарының негізгі бастауы еңбек шартының негізінде құрылады. Нарықтық қатынастарда қызметкердің біліктілігі, дағдысы, қарым-қабілеті сұраныс пен ұсыныстар арқылы реттеледі. Ал мемлекет тарапынан еңбек етушінің құқығын қорғап ғана қоймай, азаматтың еркін қызмет жасауына жақсы ахуал қалыптастырады. Сонымен қатар, еңбек қатынастарының тұрақтылығы мен тиімділігі екі тараптың өз міндеттерін адал атқаруына байланысты. Бұл ұжымдық ынтымақтастықты арттырып, еңбек өнімділігін жоғарылатуға көмегін тигізеді.

### Қорытындылайық

ҚР Конституциясының 24-бабында:

- әркімнің еңбек ету бостандығының болуына,
- қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайында жұмыс жасауына,
- еңбегі үшін әділ жалақы алуына,
- демалыс алуға құқығы бар екендігі көрсетілген.

Аталмыш құқықтарды сақтау – азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, қоғамның тұрақты дамуына, әділдік пен өзара сенімнің орнауына жол ашады.

Неліктен еңбек ету құқығы әр азамат үшін маңызды деп ойлайсың?

Егер әділ еңбекақы төленбесе, бұл қоғамға қандай әсерін тигізеді?

Қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету неліктен жұмысшылардың негізгі құқығы болып саналады?

Еңбек құқығы толық сақталған жағдайда қоғамда қандай өзгерістер болуы мүмкін?

### Біліп жүр

ҚР Президенті 2024 жылды Қазақстандағы «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Бұл еңбек адамдары мен жұмысшы мамандық иелерінің беделін көтеру және адал еңбектің құндылығын бағалау болды.

### Сен білесің бе?

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 7-бабына сәйкес, мәжбүрлі еңбекке тек ерекше жағдайларда ғана жол беріледі. Атап айтқанда, ол мемлекеттік органдардың қадағалауымен төтенше немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.



## 1.6-сабақ

### Заңнамада отбасы қалай қорғалған?

#### Тірек сөздер:

- отбасы
- неке
- ерлі-зайыптылар

#### Зерттеу сұрағы:

Отбасы ұғымы нені білдіреді және неке мен отбасы заң арқылы қалай қорғалады?

#### Ойланып көрейік

Берілген суретті қалай сипаттай аласың? Неліктен «Отбасы – ошақ қасы» деп есептеледі?



#### Түсіндір

Мәтінді оқып, неге неке міндетті түрде заңмен тіркелуі керек екенін түсіндір.

#### Біліп жүр

Отбасы – қоғамның ең кіші әрі ең маңызды тобы. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқор болып, сүйіспеншілік пен жауапкершілік танытады. Отбасы – баланың тәрбиесі мен дамуы үшін ең алғашқы орта. Мемлекет отбасын қорғауды заң жүзінде бекіткен. Қазақстан Республикасының Конституциясында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» деп жазылған.

#### Неке және отбасы ұғымы

**Отбасы** – некеге, туыстыққа, бала асырап алуға немесе басқа да заңды негіздерге байланысты қалыптасқан адамдардың тобы. Отбасының басты қызметі – бала тәрбиелеу, қоғамға пайдалы азамат қалыптастыру.

**Неке** – ерлі-зайыптылардың өзара құқықтары мен міндеттерін белгілейтін, мемлекетпен тіркелетін ер мен әйелдің арасындағы ерікті одақ.

Неке құру шарттары:

- екі жақтың ерікті келісімі;
- неке жасына толу (Қазақстанда – 18 жас);
- заңда көрсетілген кедергілердің болмауы (мысалы, туыстар арасындағы неке қию).

Отбасының құқықтық негіздері:

- ерлі-зайыптылар тең құқықты;

- ата-ананың басты міндеті – баланы тәрбиелеу, білім беру, денсаулығын қорғау;
- баланың құқығы – отбасында өмір сүру, ата-анасының қамқорлығында болу;
- мемлекет отбасыны әлеуметтік, құқықтық тұрғыда қолдайды.



### **КЕЙС: «Қамқорлық па, әлде құқық бұзу ма?»**

15 жастағы А. есімді азамат телефон мен әлеуметтік желіні жиі қолданады. Ата-анасы оның кімдермен сөйлесетінін білгісі келеді. Әкесі кейде жасырын түрде оның хат-хабарларын оқиды. Анасы бұған қарсы: «Әр баланың жеке құпиясы болуы керек, біз оның құқығын бұзбауымыз керек» дейді. Ал әкесі: «Мен тек қамқорлық жасап отырмын, бәлкім қауіпті адамдармен араласуы мүмкін» деп ойлайды.

А.-ның әкесінің әрекеті заңды ма? Неліктен? Анасының пікірін заң тұрғысынан қалай түсіндіруге болады? Сен ата-ананың орнында болсаң, қандай жолды таңдар едің? «Қамқорлық» пен «құқықты бұзу» арасындағы шегараны мысалмен түсіндір.

### **Анықта**

Мәтінді оқып, отбасының қоғамдағы орнын және неке арқылы қалыптасатын құқықтық қатынастардың маңызын анықта.

### **Отбасының құқықтық қорғалуы**

Қазақстан заңнамасында отбасының қорғалуы Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі отбасының құқықтық негіздерін белгілейді. Бұл құжат ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Мысалы:

- егер ата-ана баласын бағып-қағудан бас тартса, мемлекет баланың құқығын қорғау үшін шара қолданады;

### **Есте сақта!**

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 11-бабына сәйкес неке қиюға жол берілмейді:

- бір жынысты адамдар арасында;
- тіркелген басқа некеде тұрған жағдайда;
- жақын туыстар арасында;
- бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, сондай-ақ асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалар арасында;
- сот шешімімен психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдар арасында.

### **Сен білесің бе?**

Қазақ қоғамында жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі бар. Ол туыстар арасындағы некеге жол бермеуге, ұрпақ денсаулығын сақтауға бағытталған.

## Біліп жүр

Қазақстанда әрбір бала ата-анасының қамқорлығында өмір сүруге құқылы. Егер ата-анасы қамқор бола алмаса, мемлекет баланы қорғау үшін интернат, балалар үйі, қорғаншылық және қамқоршылық сияқты шараларды қолданады. Бұл – баланың тағдырын мемлекет назардан тыс қалдырмайтынын білдіреді.

## Құқық бұрышы

Егер сенің немесе таныстарыңның отбасында құқықбұзушылық (зорлық-зомбылық, бала құқығының бұзылуы т.б.) байқалса, Қазақстанда мына ұйымдарға жүгінуге болады:

- 111 – Балалар мен жастарға арналған сенім телефоны;
- ЮНИСЕФ және жергілікті қамқоршылық органдары



▲ 1-сурет. Неке куәлігі

- егер ерлі-зайыптылар арасында дау туса, мәселені сот шешеді;
- мемлекет жалғызбасты аналар мен әкелерге, көпбалалы отбасыларға жәрдемақы береді.

## Талда

Мәтінді оқып, отбасы құқығы қағидаттарының қоғамдағы маңызын талда. Әр қағидаттың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғаудағы рөлін түсіндір. Осы қағидаттар сақталмаған жағдайда қандай проблемалар туындауы мүмкін екенін көрсет.

## Отбасы құқығының қағидаттары

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 2-бабында отбасы құқығының негізгі қағидаттары бекітілген. Бұл қағидаттар отбасының беріктігін сақтауға, әрбір мүшенің құқығын қорғауға бағытталған.

Отбасы құқығының қағидаттары мыналар:

- ер мен әйелдің некелік одағы ерікті түрде құрылады;
- ерлі-зайыптылардың отбасы ішіндегі құқықтары мен міндеттері тең болады;
- отбасының ішкі істеріне сырттан араласуға жол берілмейді;
- отбасылық мәселелер өзара келісім арқылы шешіледі;
- балалардың дұрыс тәрбиеленуі мен дамуына ерекше көңіл бөлінеді;
- еңбекке қабілетсіз, кәмелетке толмаған немесе қарт отбасы мүшелерінің мүдделері қорғауға алынады;
- отбасы мүшелері өз құқықтарын сот арқылы да қорғауға құқылы;
- отбасы мүшелерінің денсаулығын сақтау ісіне қолдау көрсетіледі.

Бұл қағидаттар отбасының тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, қоғамдағы адамгершілік пен әділеттілік құндылықтарын нығайтады.

## Негізде

Неліктен мемлекет отбасын қорғауды заң жүзінде қамтамасыз етуі керек? Жауабыңды негізде.

## Қазақстандағы отбасы құқығының өзекті мәселелері

Бүгінгі күні Қазақстанда отбасы құқығы саласында бірқатар өзекті мәселелер бар. Олар:

- жас отбасылар арасындағы ажырасу деңгейі өте жоғары;
- алимент төлемеу жағдайлары жиі кездеседі, мемлекет бұл үшін қатаң шаралар қолдануда;
- баланың ата-анасының ажырасуынан кейінгі құқығын қорғау маңызды (екі ата-анасымен де араласу құқығы);
- үйдегі зорлық-зомбылық мәселесі қоғам назарында, заңнамада өзгерістер енгізілуде;
- балалар үйінің орнына қамқоршылық және патронаттық отбасыларды дамыту қолға алынды;
- қазақ қоғамында дәстүр мен құқық қатар жүреді (жеті атаға дейін қыз алыспау, көпбалалы аналарды қолдау).



### КЕЙС: «Медициналық шешімді кім қабылдайды?»

А жұбы: А. мен С. 3 жыл ресми некеде.

Ә жұбы: Т. мен Ж. 3 жыл бірге тұрады, ортақ үйі бар, бірақ некеге отырмаған.

Жазатайым оқиға орын алып, жұбайлардың бірі ауруханада реанимацияға түседі. Ауыр жағдайдағы жақын адам үшін өмірлік маңызды медициналық шешімдер қабылдауға кім құқылы? Жақын туыс ретінде реанимацияға кімнің кедергісіз баруға құқығы бар?

## Сен білесің бе?

Қазақстанда 15 жасында некеге тұрғандар саны 24,3 мың, 18 жасқа дейін некеге тұрғандар саны 640,6 мың.

## Біліп жүр

2024 жылғы сауалнамаға сәйкес 1-14 жас аралығындағы балаларға қатыгез тәрбие көрсетілетін әдістердің (мысалы, физикалық жазалау) пайызы 2015 жылмен салыстырғанда 52,7%-дан 37,9%-ға төмендеді. Бірақ қатігездік көріністері әлі де бар.

## Қорытындылайық

Қазақстан Республикасы отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсын ұйымдастырып тұрады. Қалай ойлайсың, бұл конкурстың критерийлері қандай болуы керек?



## 1.7-сабақ

# Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?

### Тірек сөздер:

- әкімшілік құқық
- мемлекеттік басқару
- құқықбұзушылық
- әкімшілік жауапкершілік
- айыппұл
- лицензия

### Зерттеу сұрағы:

Әкімшілік құқық дегеніміз не және ол қандай қоғамдық қатынастарды реттейді?

### Біліп жүр

Әкімшілік құқық – мемлекеттік басқару саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық саласы. Ол мемлекеттік органдардың, азаматтардың және ұйымдардың арасындағы қатынастарды заң негізінде тәртіпке келтіреді.

### Ойланып көрейік

Күнделікті өмірде әкімшілік құқық қай жағдайларда қолданылады? Әкімшілік құқық тек заң бұзушылық кезінде ғана қолданыла ма?



### Түсіндір

Әкімшілік құқықтың қоғамдағы рөлін қысқаша түсіндір. Неге ол әрбір азамат үшін маңызды?

## Әкімшілік құқық ұғымы және оның реттейтін қатынастары

Әкімшілік құқық – бұл мемлекеттік органдардың құрылуы мен қызметін, мемлекеттік қызметкерлердің өкілеттігін, азаматтар мен ұйымдардың әкімшілік міндеттерін айқындайтын құқық саласы. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексі» алғаш рет 2001 жылы қабылданды. Кейін 2015 жылдың 1 қаңтарында оның жаңа редакциясы күшіне енді.

Әкімшілік құқық мынандай қоғамдық қатынастарды реттейді:

|                                                           |                                                                  |
|-----------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------|
| Мемлекеттік басқару                                       | Министрліктер, әкімдіктер, полиция қызметі                       |
| Азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік органдармен қатынасы | Құжат рәсімдеу, лицензия алу, тіркеу                             |
| Әкімшілік құқықбұзушылықтар                               | Қоқыс тастау, жол ережесін бұзу, қоғамдық көлікте жолақы төлемей |

## Бағала

Мәтінді оқып, әкімшілік құқықтың жазалау шараларының қайсысы қоғамға тиімдірек екенін бағала. Пікіріңді дәлелде.

## Әкімшілік құқықтағы жауапкершілік түрлері

Әкімшілік құқықтың мақсаты қоғамда тәртіп орнатып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Әкімшілік жаза түрлері:

- ескерту;
- айыппұл;
- арнайы құқықтан айыру (мысалы, жүргізуші куәлігінен уақытша айыру);
- әкімшілік қамау;
- мүлкін тәркілеу (кейбір жағдайларда).

**Әкімшілік құқықтың ерекшелігі.** Әкімшілік құқықтың қылмыстық құқықтан айырмашылығы – әкімшілік құқық ауыр емес құқықбұзушылықтарды реттейді. Яғни, қоғамға қауіптілігі төмен әрекеттерге қолданылады.

**Халыққа қызмет көрсету саласындағы рөлі.** Әкімшілік құқық құжат рәсімдеу, мемлекеттік қызмет алу, азаматтардың өтініштерін қарау сияқты күнделікті өмірге тікелей байланысты жағдайларды реттейді.



### КЕЙС: «Қоқыс тастау қандай жауапкершілік жүктейді?»

Мектеп оқушысы Ержан көшеде қоқыс тастағаны үшін полиция қызметкерінен ескерту алды. Бұл жағдайда қандай құқық қолданылды? Мемлекет не үшін мұндай шара қолданады? Бұл оқиға әкімшілік құқыққа қалай байланысты? Егер адамдар қоғамдық тәртіпті сақтамаса, қоғамда қандай мәселелер туындауы мүмкін? Айыппұл салу әкімшілік құқықтың қай функциясына жатады?

## Сен білесің бе?

Әкімшілік құқық мемлекеттік органдардың қызмет тәртібін және азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті ережелерді реттейтін құқық саласы. Оның маңызды бағыттарының бірі – білім беру мекемелеріндегі балалардың денсаулығын қорғау. Мемлекет санитарлық талаптар арқылы оқушы портфелінің ең жоғары салмағын белгілейді.

**Баланың қол сөмкесі (портфель)** белгілі бір салмақтан аспауы тиіс (әдетте бастауышта – дене салмағының 10%-нан аспау ұсынылады).

Мысалы, 1-4 сынып оқулықтары 300 г, 5-6 сынып оқулықтары – 400 г, 7-9 сыныпта – 500 г және 10-12 сыныпта оқулықтар 600 г-нан аспауы тиіс.



▲ Мектеп сөмкесінің салмағы туралы ақпарат



## Талда

Мәтінді оқып, әкімшілік құқық субъектілерінің түрлерін салыстыр. Жеке, ұжымдық және арнайы субъектілердің айырмашылықтары қандай? Арнайы субъектілерге мысал келтіріп, олардың қоғамдағы рөлін талда.

## Әкімшілік құқық субъектілері

Әкімшілік құқық субъектілері – әкімшілік-құқықтық қатынастарға қатысушы нақты тұлғалар мен ұйымдар. Олар заң бойынша құқықтар мен міндеттерге ие болып, өз мәртебесіне сәйкес іске асырады.

Жеке субъектілерге азаматтар, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және лауазымды тұлғалар жатады.

Ұжымдық субъектілерге заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер кіреді.

Арнайы субъектілердің ерекше мәртебесі болады (әскери қызметшілер, полиция, лицензия иелері, төтенше жағдай аймағының тұрғындары, әкімшілік бақылаудағылар).

Әкімшілік құқық субъектілерінің әртүрлілігі олардың қоғамдағы рөлін айқындайды: біреуі құқықтарды қорғайды, екіншісі мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады, үшіншісі тәртіп бұзғаны үшін жауап береді.

## Есте сақта!

Қазақстан Республикасында қоғамдық көлікте жол ақысын төлеуден жалтару әкімшілік құқықбұзушылық болып есептеледі. Мұндай жағдайда азаматқа 2 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салынады. 2025 жылы 1 АЕК 3932 теңгені, ал айыппұл 7864 теңгені құрайды.

## Біліп жүр

Қазақстанда «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексте 600-ден астам бап бар, яғни өмірдің көптеген саласын қамтиды (білім беру, денсаулық сақтау, жол қозғалысы, экология).



### КЕЙС: «Оқушының жол ережесін бұзуы оған қандай құқықтық жауапкершілік жүктейді?»

Мектептің жанында жол ережесін бұзып, бағдаршамның қызыл түсіне өткен оқушыны полиция тоқтатты. Полиция қызметкері оған ескерту жасады.

Бұған әкімшілік құқықтың қай субъектілері қатысып тұр? Полицияның әрекеті қандай құқықтық әдіске жатады (нұсқау, тыйым, рұқсат)? Егер оқушы ережені қайталай берсе, қандай шара қолданылуы мүмкін?

## Бағала

Әкімшілік құқықтың «нұсқау, тыйым, рұқсат» әдістерін күнделікті өмірден алынған мысалдар арқылы бағалап көр.

- Қай әдіс азаматтарға көбірек еркіндік береді?
- Қай әдіс заңды қатаң сақтауды талап етеді?
- Сен үшін қай әдіс тиімдірек? Неге?

## Әкімшілік құқықтың әдістері

Әкімшілік құқық қоғамдық қатынастарды үш негізгі әдіспен реттейді. Олар:

- Нұсқау – азаматты белгілі бір әрекет жасауға міндеттеу. Мысалы: жүргізушілерге бағдаршамның жасыл түсінде жүру міндеттеледі.
- Тыйым салу – белгілі бір әрекетке заң бойынша шектеу қою. Мысалы: қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салынған.
- Рұқсат – азаматқа заң аясында белгілі бір әрекет жасауға мүмкіндік беру. Мысалы: жеке кәсіп ашу үшін лицензия алу арқылы қызмет атқаруға рұқсат беріледі.

## Әкімшілік құқықтың қоғамдағы рөлі

Әкімшілік құқық – әрбір азаматтың күнделікті өмірімен тікелей байланысты. Ол тек заң бұзған жағдайда емес, мемлекеттік қызмет алу кезінде де қолданылады. Мысалы, жеке куәлік пен төлқұжат алу, кәсіпкерлікті тіркеу, мектепке немесе ЖОО-на құжат тапсыру, денсаулық сақтау саласында медициналық қызмет алу т.б.

Әкімшілік құқық болмаса, мемлекеттік басқару жүйесі мен азаматтардың құқықтарын қорғау әлсіреп, қоғамда тәртіпсіздік туар еді. Сондықтан ол мемлекет пен халық арасындағы көпір іспетті.

## Қорытындылайық

Әкімшілік құқық сенің күнделікті өміріңде қандай жағдайларда кездеседі? Мысал келтір.

## Біліп жүр

Әкімшілік құқық басқа елдерде де күнделікті өмірді реттеуде маңызды рөл атқарады.

Еуропа одағы (ЕО) елдерінде әкімшілік құқық интернеттегі тәртіпке ерекше көңіл бөледі.

Жапонияда әкімшілік құқық қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған.

Сингапурда сағызды дүкеннен сатып алуға болмайды. 1992 жылдан бастап оның сатылуына тыйым салынған. Бұл ереже қоғамдық орындардың тазалығын сақтау үшін енгізілген.

## Есте сақта!

Әкімшілік құқық сонымен бірге мемлекеттік қызмет көрсетуді (құжат рәсімдеу, лицензия алу, кәсіпкерлікті тіркеу) реттеу үшін де қолданылады.

## 1.8-сабақ

# Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан ерекшелігі неде?

### Тірек сөздер:

- қылмыстық құқық
- жаза
- құқық бұзушылық

### Зерттеу сұрағы:

Қылмыстық құқық пен басқа құқық салалары арасындағы айырмашылықтар құқықтық жүйенің тұтастығына қалай әсер етеді?

### Ойланып көрейік

2023 жылы Қазақстанда кәмелет жасына толмағандардың қатысуымен 1925 қылмыс тіркелген. Оның 943-і ауыр және аса ауыр қылмыстар. 16 жасар жасөспірім көлік ұрлап жатқан жерінен ұсталды. Неліктен бұл азаматтық немесе әкімшілік заңдарға емес, қылмыстық заңмен реттеледі? Мұндай жағдайда отбасы құқығының рөлі қандай? Бұл әлеуметтік мәселені шешу кезінде құқықтың әртүрлі салаларының өзара әрекеттесуі неліктен маңызды болмақ?

### Түсіндір

Оқушы мектеп мүлкіне зақым келтірді деп елестетіп көр. Бұл мәселені азаматтық құқық (өтемақы) немесе қылмыстық құқық (жаза) арқылы шешу керек пе? Әртүрлі заңдар бір мәселені қалай шешеді? Неліктен әрекет барысында адамның ниеті маңызды орын алады? Неліктен қылмыстық құқықтағы жаза қоғамды да, жеке адамдарды да қорғау шарасы ретінде қарастырылады?

### Қылмыстық құқық дегеніміз не?

Қылмыстық құқық – құқықтық жүйенің маңызды салаларының бірі. Бұл ұрлық, зорлық-зомбылық немесе сыбайлас жемқорлық сияқты ең қауіпті деп санайтын әрекеттерге қатысты мәселелерді реттейді. Қылмыстық құқықтың басқа салаларынан айырмашылығы, ол зиянды әрекеттер үшін жазалау арқылы қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қорғауға бағытталған.

Қылмыстық құқық – бұл адамдардың мүлкіне, денсаулығына, қауіпсіздігіне және әл-ауқатына қауіп төндіретін, қасақана немесе басқа жолмен қауіп төндіретін іс-әрекеттерді анықтайтын құқық нормалар жиынтығы.



▲ 1-сурет. Қылмыстық құқықтың жаһандық құрылымы

Құқықтың азаматтық, әкімшілік, еңбек, отбасы салалары құқықтық қатынастарды реттейді. Азаматтық құқық мүлктік дауларды, келісімшарттарды және мұрагерлікті реттейді. Әкімшілік құқық жол қозғалысы немесе қоғамдық қауіпсіздік ережелерін бұзу сияқты аса ауыр емес тәртіп бұзушылықтарға қатысты. Жаза айыппұл салу, лицензиясынан айыру, арнаулы құқықтан айыру т.б. түрінде болады. Отбасы заңнамасы неке, некені бұзу және бала күтімі мәселелерін реттейді. Оның мақсаты – отбасылық құқықтар мен міндеттерді қорғау.



### КЕЙС: «Бір әрекет – екі құқық саласы»

Автокөлік иесі мас күйде жол ережесін бұзып, жаяу жүргіншіні жарақаттады. Жәбірленуші соттан денсаулығына келген шығынды және уақытша еңбек қабілетінен айырылуына байланысты жоғалтқан табысын өтеуді талап етті. Мемлекет жүргізушіге қарсы қылмыстық іс қозғады.

Мұнда қылмыстық құқық пен азаматтық құқықтың арақатынасы қандай? Неліктен бір іс бойынша екі түрлі құқық саласы нормалары қолданылады? Бұл қаншалықты әділ? Бір әрекет үшін бірнеше құқықтық жаза тағайындауға бола ма?

## Қылмыстық құқықтың басты айырмашылығы

Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларына негізгі айырмашылығы қылмыстық құқықтың ең қатал шаралар қабылдайтындығында. Қылмыстық әрекет үшін қылмыстық жаза тағайындалады. Қылмыс жасалған кезде оған мемлекет араласады. Ондағы мақсат – тек кінәлілерді жазалау ғана емес, сонымен бірге жаңа қылмыстардың алдын алу және жалпы қоғам мүшелерін қорғау. Оның тағы бір маңызды ерекшелігі – заңдылық қағидасы. Қылмыстық кодексте жазылған әрекеттер ғана жазаланады. Егер әрекет заңнамада



▲ 2-сурет. Ур-Наму патшаның заңдар жинағы.

## Біліп жүр

Ежелгі Шумердегі (б.з.д. 2100–2050 жж.) Ур-Наму кодексі – қылмыстық құқық туралы мәлімет беретін ең ежелгі жазбаша заңнаманың бірі.



## Бұл қызықты

Әлемнің әртүрлі елдеріндегі қылмыстық құқық бірнеше құқықтық жүйелерге бөлінеді. Құрлықтық жүйе (Еуропа, бұрынғы КСРО елдері, Латын Америкасы елдері) кодекстер мен құқықтық нормаларға сүйенеді. Ағылшын-америкалық құқық (Ұлыбритания және көптеген ағылшын тілді елдер) прецеденттер мен заңды фикцияға сүйенеді. Мұсылман қылмыстық құқығында (Иран, Пәкістан, Сауд Арабиясы) діни нормалар қайнар көзі болып табылады. Әдет құқығы Азия, Африка және Австралия аборигендері ортасында ішінара кездеседі.

қылмыс ретінде анықталмаса, адамды қылмыстық жауапкершілікке тарту мүмкін емес. Бұл адамдарды әділетсіз қудалаудан қорғайды.

Қоғамда түрлі қылмыстар болады, олардың әрқайсысына қылмыстық заңнамада берілген тиісті жазалар белгіленген. Азаматтық құқықта негізінен адамдар мен ұйымдардың арасындағы даулар қаралады. Мысалы, мүлікті бөлу, қарызды қайтару, келісімшартты орындау сияқты мәселелер. Бұл жағдайда бір тарап екінші тарапқа талап қояды. Ал қылмыстық құқықта ауыр қылмыс жасалған кезде айыптауды мемлекет атынан прокурор жүргізеді. Яғни, қылмыстық іс қозғау туралы шешімді прокурор қабылдайды. Прокурор – мемлекет атынан қылмыстық істі қолдайтын басты тұлға.

Азаматтық істерде әр тарап өз талабын дәлелдеуі керек: талапкер – кінәні, ал жауапкер – кінәсіз екенін көрсетуге тырысады. Қылмыстық істерде дәлелдеу міндеті айыптау жағында. Прокурор сотталушының кінәсін толық әрі күмәнсіз дәлелдеуі тиіс. Ал қорғаушы айыпталушыны ақтау үшін тек айыптаудың дәлелдеріне күмән келтіре алады.



### КЕЙС: «Жауапкершіліктің үш қыры»

Жасөспірім саябақтағы ғимарат қабырғасына граффити салып қойды. Бұл әрекет түрлі құқық саласы бойынша қаралуы мүмкін:

1) егер ғимарат иесі мүлікке зиян келтіргені үшін өтемақы талап етсе, бұл – азаматтық жауапкершілікке жатады;

2) егер полиция қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін айыппұл салса, бұл – әкімшілік жауапкершілік болады;

3) егер суретте экстремистік шақырулар болса, бұл жағдайда қылмыстық іс қозғалады.

Бұл үш жауапкершілік түрінің айырмашылығы неде? Жаза әрқашан құқықбұзушылықтың ауырлығына сәйкес келе ме?



▲ 3-сурет. Әр елдің заңы басқа

## Зертте

Қылмыстық заңнама тарихи трансформациядан өтті. Әдет-ғұрып құқығында ел бірлігін бұзу, ал кеңес кезеңінде мемлекеттік меншікке қол сұғу ең ауыр қылмыс саналды. Қазіргі құқық адам бостандығы мен меншік теңдігін басты құндылық деп таниды.

### Зерттеу сұрақтары:

1. Әдет-ғұрып және кеңестік құқықтағы «мемлекетке қарсы қылмыс» ұғымының мазмұндық айырмашылығын анықта.

2. Неліктен қазіргі заңнамада меншіктің барлық түрі тең қорғалады? Оның демократиялық маңызын негізде.

3. Қылмыстық құқықтың Конституциялық және азаматтық құқықпен өзара әрекеттесу тетігін нақты мысалмен (ұрлық немесе мүлікті бүлдіру) дәлелде.

## Мемлекет және құқық тарихы

Қазақ әдет-ғұрып заңдарында мемлекетке және қоғамға қарсы қылмыстарға ерекше мән берілді. Ондай қылмыстарға отанды сату, жауға қосылу, әскерден қашу, ел бірлігін бұзу, жалған куәлік беру, жеті атаға толмай некелесу сияқты әрекеттер жатқызылды. Мұндай іс-әрекеттер елдің тұтастығы мен қоғамдық тәртіпке нұқсан келтіреді деп қатаң жазаланды.

Қазақ әдет-ғұрып заңдарында меншік пен мүлікті қорғау қоғамның тұрақтылығын сақтауда шешуші рөл атқарған. Мал ұрлау, тонау, мүлікті бүлдіру сияқты әрекеттер ауыр қылмыс деп бағаланып, кінәлілер құн немесе айып төлеуге міндеттелген. Бұл жазалар тек материалдық өтем ғана емес, қоғам алдындағы моральдық жауапкершілікті де айқындаған. Мұндай қатаң тәртіп меншік құқығын қорғаудың заманына сай тетігі болған.

### Қорытындылайық

Қылмыстық құқық – құқықтық жүйенің ең қатаң әрі ерекше саласы. Ол қоғам үшін аса қауіпті әрекеттерді анықтап, кінәлілерді жазалау арқылы қоғамдық қауіпсіздікті сақтайды.

## Ойлан

Оқушы мектеп мүлкіне зиян келтірді. Егер директор мүлікке келтірілген зақымды ақшамен өтеуді талап етсе, бұл – азаматтық-құқықтық жауапкершілік. Егер полиция ата-анасына әкімшілік айыппұл салса, бұл – әкімшілік жауапкершілік. Егер оқушы мектептің бір бөлігін әдейі өртеп жіберсе, бұл – қылмыстық жауапкершілік. Әр жағдайдың қай құқық саласына жататынын қалай түсіндіруге болады? Неліктен бір құқықбұзушылық қылмыс болып саналса, екіншісі қылмыс болып табылмайды?

### Сен білесің бе?

Кеңес заңнамасындағы «Мемлекетке қарсы қылмыс» мемлекеттік және қоғамдық жүйенің негіздеріне, әсіресе, Коммунистік партияның билігіне қауіп төндіретін әрекеттерді білдірді. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік қылмыс ретінде қарастырылды (ол «Контрреволюциялық қылмыс» деп те аталды).

## I тоқсан тақырыптары бойынша қорытынды

### Сен бұл тоқсанда:

- әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен рөлін түсіндің;
- Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адам мен азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтадың;
- конституциялық құрылым негіздерін түсіндірдің;

- азаматтық құқық ұғымы мен қағидаларын меңгердің;
- еңбек құқығы ұғымын талдадың;
- неке және отбасы ұғымдарын зерделедің;
- әкімшілік құқық ұғымын зерттедің;
- қылмыстық құқық ұғымын салыстырдың.

### Маңызды тұжырым

Құқық – азаматтың өмірін, бостандығын, құндылықтарын қорғап, әділетті қоғам орнатудың негізі. 1-тоқсандағы білім құқық салаларының маңызын түсінуге және әрбір құқықтың адам өміріндегі орнын анықтауға көмектеседі.

| Критерий               | Азаматтық құқық                                 | Отбасылық құқық                                      | Әкімшілік құқық                              | Қылмыстық құқық                                   |
|------------------------|-------------------------------------------------|------------------------------------------------------|----------------------------------------------|---------------------------------------------------|
| Реттеу пәні            | Мүліктік және мүліктік емес құқықтар            | Отбасы қатынастары: неке, балалар                    | Ережелерді, тәртіпті бұзу                    | Қоғамдық қауіпті әрекет (қылмыс)                  |
| Мақсаты                | Бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, өтемақы    | Отбасы және оның мүшелерін қорғау                    | Тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтың алдын алу | Қоғамды қорғау, жазалау және қылмыстың алдын алу  |
| Әсер ету шаралары      | Залалдың орнын толтыру, құқықты қалпына келтіру | Құқықтарды шектеу немесе құқықтар беру (қамқоршылық) | Айыппұл, ескерту, әкімшілік қамау            | Бас бостандығынан айыру, айыппұл, түзеу жұмыстары |
| Істі бастаушы, жүргізу | Азаматтар немесе ұйымдар                        | Отбасы мүшелері, қорғаншылық органдары               | Билік органдары, полиция                     | Мемлекет атынан (прокуратура, полиция)            |
| Қағидалары             | Келісім және тараптар теңдігі                   | Бала мен отбасы мүдделерін қорғау                    | Билікке бағыну                               | Заңдылық, жаза тағайындау                         |

# Мазмұны

|                                                                                                                        |    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <b>I тоқсан. Кіріспе</b> .....                                                                                         | 5  |
| 1.1-сабақ. Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді? .....                                    | 6  |
| 1.2-сабақ. Қазақстан Республикасында адам және азаматтың қандай құқықтары мен міндеттері бар? .....                    | 10 |
| 1.3-сабақ. Неліктен Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялайды? ..... | 14 |
| 1.4-сабақ. Азаматтық құқық қоғамдық қатынастарды қалай реттейді? .....                                                 | 18 |
| 1.5-сабақ. ҚР Конституциясының 24-бабы нені көздейді? .....                                                            | 22 |
| 1.6-сабақ. Заңнамада отбасы қалай қорғалған? .....                                                                     | 26 |
| 1.7-сабақ. Әкімшілік құқық қандай қоғамдық қатынастарды реттейді? .....                                                | 30 |
| 1.8-сабақ. Қылмыстық құқықтың басқа құқық салаларынан ерекшелігі неде? .....                                           | 34 |
| <b>I тоқсан тақырыптары бойынша қорытынды</b> .....                                                                    | 38 |
| <b>II тоқсан. Кіріспе</b> .....                                                                                        | 39 |
| 2.1-сабақ. Мемлекеттік органдардың қызметі қандай? .....                                                               | 40 |
| 2.2-сабақ. Мемлекеттік органдардың құрылуында сайлаудың маңызы мен рөлі қандай? .....                                  | 44 |
| 2.3-сабақ. Қалай меншік иесі бола аламыз? .....                                                                        | 48 |
| 2.4-сабақ. Қалай меншік иесі бола аламыз? .....                                                                        | 52 |
| 2.5-сабақ. Заңнамамен еңбек жағдайлары қалай реттеледі? .....                                                          | 56 |
| 2.6-сабақ. Заңнамамен еңбек жағдайлары қалай реттеледі? .....                                                          | 60 |
| 2.7-сабақ. Неке қандай жағдайда қиылады және тоқтатылады? .....                                                        | 64 |
| 2.8-сабақ. Қандай әрекет қылмыс деп танылады? .....                                                                    | 68 |
| <b>II тоқсан тақырыптары бойынша қорытынды</b> .....                                                                   | 72 |
| <b>III тоқсан. Кіріспе</b> .....                                                                                       | 73 |
| 3.1-сабақ. Азаматтық-құқықтық міндеттемелер қандай жауапкершіліктерді туындатады? .....                                | 74 |
| 3.2-сабақ. Еңбек даулары қалай шешіледі? .....                                                                         | 78 |
| 3.3-сабақ. Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады? .....                                           | 82 |
| 3.4-сабақ. Отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі қандай? .....                                                         | 86 |
| 3.5-сабақ. Бала құқығы қалай қорғалады? .....                                                                          | 90 |
| 3.6-сабақ. Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды? .....                                                 | 94 |

|                                                                                |     |
|--------------------------------------------------------------------------------|-----|
| 3.7-сабақ. Қандай жағдайларда әкімшілік жауапкершілік туындайды? .....         | 98  |
| 3.8-сабақ. Қылмыстық жауапкершіліктің мәні неде?.....                          | 102 |
| 3.9-сабақ. Кімдер сыбайлас жемқорлықтың субъектісі<br>болып табылады?.....     | 106 |
| <b>III тоқсан тақырыптары бойынша қорытынды</b> .....                          | 110 |
| <b>IV тоқсан. Кіріспе</b> .....                                                | 111 |
| 4.1-сабақ. Құқықтық мемлекеттің басты идеялары неде? .....                     | 112 |
| 4.2-сабақ. Азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызы неде?.....                 | 116 |
| 4.3-сабақ. Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе? .....               | 120 |
| 4.4-сабақ. Еңбек шарты қандай құқықтар мен міндеттерді туындатады? ...         | 124 |
| 4.5-сабақ. Отбасының әлеуметтік мәні неде? .....                               | 128 |
| 4.6-сабақ. Әкімшілік құқықтық нормалардың қажеттілігі<br>мен маңызы неде?..... | 132 |
| 4.7-сабақ. Қылмыстық құқықта гуманизм қағидаты қажет пе? .....                 | 136 |
| <b>IV тоқсан тақырыптары бойынша қорытынды</b> .....                           | 140 |
| Глоссарий.....                                                                 | 141 |
| Пайдаланған әдебиеттер.....                                                    | 147 |